

Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының есептік санитариялық-қорғау аймағында орналасқан елді мекендердің тұрғындарын көшіруді қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 595 қаулысы

1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің (бұдан әрі – ӨБТК) шеңберінде Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнында алдағы уақытта іске асырылатын жаңа жобаларға (өндірістік қондырғылар және ұңғымаларды бұрғылау) және оған байланысты кен орнының есептік санитариялық-қорғау аймағын кеңейтуге байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының есептік санитариялық-қорғау аймағында орналасқан елді мекендердің (Березовка және Бестау ауылдары) тұрғындарын көшіруді мердігердің ӨБТК шарттарында көзделген өтелетін шығындар есебінен қаржыландыруы туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ұ с ы н ы с ы н а к е л і с і м б е р і л с і н .

2. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген елді мекендердің тұрғындарын көшіруді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Мүдделі мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан т у ы н д а й т ы н ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*